

Seytov M.

Ch. Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology

Almaty, Kazakhstan

E-mail: egipt_17@mail.ru

The Influence of Islam on the Ethics of Respecting for Elders in the Tradition of the Kazakh People

Abstract. Human society undergoes various processes in its development. In the process of development of any people and society, self-consciousness, a national model, culture, ethnography, national education or folk pedagogy and mentality are formed and developed. In the same way, Kazakh people’s ethnography and folk pedagogy were formed and developed in accordance with the passage of time and the development of society. The traditions of the Kazakh people and its many directions, including respecting for elders, have become one of the main customs. In the traditions of the Kazakh people, one of the main values is respecting for elders. This scientific article is devoted to the study of the influence and role of Islam on Kazakh traditions, including the ethics of respecting for elders. The article discusses the culture of respecting of the Kazakh people, based on Islamic principles and traditions.

Keywords: Islam, Traditions, Respect, Culture, Kazakh tradition.

Cite this article as: Seytov M., (2020). Kazak khalkhyning Salt-dasturinde Ulkendi Kurmetteu Etikasina Islam dinining ikpaly [The Influence of Islam on the Ethics of Respecting for Elders in the Tradition of the Kazakh People]. Challenges of Science. Issue III, p.: 105-114. <https://doi.org/10.31643/2020.015>

Сейітов М.

Ш. Ш. Уалиханов атындағы Тарих және этнология институты

Алматы қ., Қазақстан

E-mail: egipt_17@mail.ru

Қазақ Халқының Салт-дәстүрінде Үлкенді Құрметтеу Этикасына Ислам Дінінің ықпалы

Абстракт. Адамзат қоғамы өзінің дамуы жолында әр түрлі процестерді бастан кешіреді. Кез-келген халық пен қоғамның даму процесінде өзіндік сана, ұлттық модель, мәдениет, этнография, ұлттық тәрбие немесе халықтық педагогика және менталитет қалыптасып дамиды. Дәл сол сияқты қазақ халқының да этнографиясы мен халықтық педагогикасы ертеден қалыптасып қазіргі кезге дейін уақыт ағымы мен қоғам дамуына сай дамып келеді. Қазақ халқының салт-дәстүрі мен оның сан тараулы бағыттары, соның ішінде үлкенге құрмет көрсету басты ғұрыптардың бірі болды. Қазақ халқының салт-дәстүрінде үлкенді сыйлау мен оған белгілі бір деңгейде құрмет көрсету басты тәрбиелік құндылықтардың бірі саналған. Қазақтарда үлкенді құрметтеуде Ислам дінінің тәрбиелі мәні терең болды. Ұсынылып отырған ғылыми мақала, Ислам дінінің қазақ салт-дәстүрі мен үлкенді құрметтеу этикасына ықпалын зерттеуге арналады. Мақалада, қазақтар арасында ислами қағидаттар мен дәстүрге негізделген үлкенді құрметтеу мәдениеті қарастырылады.

Түйін сөздер: Ислам, Салт-дәстүр, Құрметтеу, Мәдениет, Қазақ дәстүрі.

Кіріспе. Зерттеу тақырыбының негізін құрайтын фактор ол – Ислам дінінің қағидалары мен заңдылықтарына сәйкес қоғамда үлкенге құрмет көрсетудің ертеден жалғасқан дәстүрлі түрдегі көріністері болып табылады. Қазақ халқының салт-дәстүрінде мұсылмандық принциптердің енуі мен оның қоғам тәрбиесіне деген ықпалын жоғары болды. Кеңестік кезеңде коммунистік қоғам мен атеистік принциптерге байланысты қазақ қоғамында мұсылмандық дәстүрлер мен тәрбие ұмытылған

еді. Кеңестік кезеңде қазақ халқы өзінің байырғы кезден қалыптасқан ата-салты мен қоғамда құрметтеу мәдениеті мен этикасының дәстүрлі жөн-жоралғыларын ұмытып, қоғам өзінің басқалай даму жолына түскен еді. Бұл жетпегендей, тәуелсіздік кезінде де кейбір діни сыртқы күштер қазақстандық жастарды жат ағымдарды таңдау арқылы Исламның шынайы жолынан кетуге мәжбүр етті. Дегенмен, қазақ қоғамын Ислам дінінің қағидаларынан бастау алған ата-бабалар ұстанған дәстүрді ұмытпай ұстанып келеді.

Талдау. Адам қоғамның бөлшегі, ал қоғам табиғат пен біз өмір сүріп отырған ортаның ең үлкен бөлігі болып саналады. Қоғамның тыныс-тіршілігі күнделікті өмірде адамдардың әр түрлі салада өзара қатынастарымен сипатталып, ол өз деңгейінде дамиды. Қоғамда адамдар арасындағы қатынастар мен өзара байланыстардың басты кілті сыйластық пен құрмет болып, ол қоғамның дамуына ықпал етеді. Әлем халықтарының арасында құрметтеу әр түрлі деңгейде дамыған. Үлкенге құрмет пен кішіге ізет қазақ халқы мен өзге де түркі-мұсылман халықтарында жоғары дамыған. Бұл әрине әр халықтың болмысы мен мәдениетіне байланысты екені жоғарыда айтылды. Ұлтқа тән болған өзіндік мінез, сана мен болмыс қалыптастыратын салт-дәстүрді ұстануға, оны зерттеуге назар аудару этнографиялық зерттеулер арқасында бізге жетті.

Қазақ халқының салт-дәстүрі мен мәдениетінде қалыптасып дамыған құрметтеу мен адами қарым-қатынастар туралы тақырыптар негізінен қазақстандық ғалымдардың зерттеулерінен табылды. Қазақтардың негізгі этикет нормалары саяхатшылардың еңбектерінде, кеңестік этнографтардың еңбектерінде, сонымен қатар басқа да қазақстандық ғалымдардың еңбектерінде кездеседі. Қазақстандық этнографтардың арасында қазақ қоғамындағы адами қарым-қатынас мәдениетінің тақырыптарының мәселесімен бірқатар ғалымдар айналысқан. Қазіргі кезде, дәлірек айтқанда тәуелсіздік жылдарынан бастап, Ислам дінінің аза қоғамындағы орны мен тәрбиелік маңызы туралы ғылыми-зерттеу жұмыстарына қалам тартқан ғалымдар көбейді. Олардың қатарында А.Ш. Әділбаев, С. Нұрмұратов, Р.Р.Галиев, Ф.Г.Газизов, Р.Ш. Маликов, Е.А. Оңғаров, А.К. Султанғалиева және басқа да ғалымдардың еңбектері (Apendiyev T. Et al.) болып, онда жаңа, тың ғылыми тұжырымдар жасалған.

Материалдар мен әдістер. Ғылыми жұмыстың деректік-материалдық негізін – этнографиялық және тарихи деректер мен мерзімді баспасөз құралдарының материалдары, сондай-ақ ауызша мәліметтерге негізделіп жазылған материалдар ғылыми айналымға енгізіліп отыр. Кеңестік кезеңнен бастап және әсіресе тәуелсіздік жылдарындағы Қазақстанда журналдар мен газет беттерінде жарияланған материалдар зерттеу жұмысына қатысты деректердің бір бөлігін құрады. Қоғамда адамдар арасындағы сыйластық пен достықты, үлкенге құрмет пен адамдар арасындағы қарым-қатынастардың қазақи ұлттық дәстүрі мен оның қоғамдағы тәрбиелік мәні туралы мақалалар мен түрлі тақырыптарда материалдар жарияланып отырған. Әсіресе тәуелсіздік жылдары мен қазіргі кезге дейін газет-журналдардың беттерінде қазақ халқының мұсылмандықпен астасқан салт-дәстүрлері мен мәдениетіне, күнделікті өмір тіршілігіне және адамдардың қоғамдағы орны мен көзқарастарына, соның ішінде адамдар арасындағы құрмет пен сыйластықтың деңгейі туралы материалдар жарияланып, мұндай материалдар тақырыпқа қатысты деректік құндылығы жоғары болған мәліметтердің қатарында саналады.

Тақырыптың методологиясының негізі – қазақи және ислами мәдениеттің гуманистік, адамгершілік және ғылыми-философиялық бағыттарының үлкенді құрметтеудегі танымдық құндылығын зерттеуге бағытталған әдістер болып табылады. Адамның өмір сүруі мен оның қоғаммен өзара қатынасының басты құралы ретінде айтылатын сыйластық пен құрметтің ұлттық салт-дәстүр мен тәрбиедегі орнын ғылыми және тарихи-этнографиялық тұрғыдан зерттеу мен түсіндіру әдістері алға қойылған ғылыми мақсатқа жетуде ең басты құралдардың бірі саналды. Мұндай ғылыми әдістердің күрделілігін есепке ала отырып, зерттеу барысында методологиялық жүйеліліктің, бірізділіктің, ғылыми нәтижелердің өзара байланысуы мен ұштасуын көрсетіп және жалпы ғылыми феноменологияның қырларынан көрсету әдісі пайдаланылды. Тарихи- этнографиялық әдіс қазіргі тарих ғылымы мен этнографияда негізгі әдістердің қатарында саналып, ол өз керегінде заңға сыйымдылығын нақтылауға мүмкіндік берді. Салыстырмалы-тарихи тәсілді пайдалану қоғамда адамдар арасындағы көзқарас пен сыйластық және құрметтің қалыптасуының жалпы үрдісін талдауға көмектесті.

Нәтижелері. Қазақ халқының ғасырлар бойы қалыптасқан ұлттық мәдениетінің өзегін халықтық дәстүрлер мен тұрмыстық салт-дәстүрін құрайтынын айта отырып, оның ішінде құрметтеу мен этикалық дәстүрлер жеке бағытты құрайтыны айтылды. Әрине, мұның барлығы өзіндік этникалық

ерекшеліктердің басты факторларының бірі болып, олардың фольклор арқылы қазіргі күнге жеткенін көреміз.. Олардың бір бөлігі тарихи үрдісте Ислам дініндегі кейбір діни дәстүрлермен барынша, тұтастай астасып кеткені белгілі. Сондықтан олардың ара-жігін ажыратудың өзі біршама қиындықты туындатады. Қазақтың көптеген этникалық салт-дәстүрлері мен әдет-ғұрыптарының этнографиялық жіктемесін, олардың исламдық құндылықтармен байланысып жатқанын түсінген дұрыс (Әділбаев: 2018, 6).

Қазақ халқының салт-дәстүрінде үлкенді сыйлау мен оған құрмет көрсетуде Ислам дінінің дәстүрлері мен заңдылықтары енген және ол өзара астасып, қазіргі кезге дейін сақталып келеді. Қазақтың салт-дәстүрі мен халықтық педагогикасында тәрбиенің мазмұны, әдістері мен құралдары, оның ішінде үлкенге құрмет пен адамгершілік қарым-қатынастар өз кезегінде Ислам дінінің діни канондарына негізделген талаптармен етене араласқан. Ислам дінінің қағидалары қазақ халқында отбасы тәрбиесінен бастап қоғамдық тәрбиеде ерекше ықпал етеді. Соның ішінде қазақ қоғамында үлкенге құрмет көрсетудің дәстүрлері көбінесе мұсылмандық дәстүрлермен, ережелермен бірге қалыптасады және дамиды. Оған қоғамда адамдар арасында ілгеріден қалыптасқан қарым-қатынастар мысал бола алады.

Жалпы, тарихшылар, қоғамтанушы-ғалымдар, педагогтар, дәстүрлі дін қызметкерлері адам денсаулығының құлдырауы рухани мәдениет құлдырағанда, адам бойында мәдени құндылықтар азайғанда, адамның жаны босаңсып, негативпен толықтырылғанда басталады деп есептейді. Дін – адам баласының рухани күші, адамзат өркениетінің маңызды феномені. Сондықтан, діннің қоғам тәрбиесіндегі ролі өте жоғары болып, мұның дәлелі ретінде қазақтардың Ислам дініне негізделген дәстүрлерді қабылдауын көрсетуге болады. Қазақтар бұрын Құранды жатқа білетін дана адамдарды «абыз» (хафиз) деп атап, оларға құрмет көрсететін. Есім хан осы құрмет көрсету дәстүрін парызға айналдырып, ел билеу ісіне теократиялық элементтерді енгізуді қолға алды (Әділбаев: 2018, 35).

Ислам – бұл мұсылмандар қалай сенуі тиіс деген сұраққа жауап беретін сенім мен еркіндіктің білім мен ілімнің діні, ол өз сенімін қалай көрсетуге болса да міндетті, сонымен бір мезгілде жеке өмірде басшылыққа алынатын құқықтық, моральдық нормаларды айқындауда оның құны өте жоғары.. Бұл нормалар мен ережелер барлық мұсылмандарға олардың жынысына қарамастан жатады. Жеке адамның немесе қоғамның әл - ауқатына әкелетін нәрсе Исламда адамгершілік, ал оған зиян келтіретін нәрсе аморальды болып саналады. Исламды қабылдағанға дейін адамдар арасындағы өзара қарым-қатынас ата-бабалардың әдет-ғұрыптары негізінде құрылған.

Ислам діні Орта азиядағы түркі халықтарына енгеннен бастап өзінің сан тараулы дәстүрін жайды. Діни дәстүрлер көбейді, соның ең негізгілерінің бірі адам баласының бір-біріне құрметі мен сыйластығына қатысты болды. Жалпы, қазақ халқы исламдық арақатынастан бөлек те өзінің салт дәстүрі мен болмысынан үлкенге құрмет көрсетуді дәстүрге айналдырған. Сонымен қоса, жоғарыда аталғандай, Исламға негізделген әдет-ғұрыптар мен салт-дәстүрлер де қазақтың ата дәстүріне ықпал еткені рас. Қазақтар балам білімді болсын, әдепті, дарынды, талантты, сауатты болсын деп жастайынан молдадан білім алып, арабша хат таныған. Одан соң медресе оқытып, ары қарай білімін ұштаған. Ауыл молдасынан алғаш хат таныған қазақ баласы қоғамның қыр-сыры мен тәрбиені молдадан үйренген. Бұл оның одан кейінгі өміріне де әсер етіп, қоғамда жүріс-тұрысты үйреткен. Ауыл молдасынан алған алғашқы мұсылмандық білім қазақтардың танымына да әсер еткен. Балаларды дінге баулу адамның дамуымен, оның өзіне, отбасына, жақын қоршаған ортаға, қоғамға, тап өкілдеріне қатысты әдебімен байланысты көптеген міндеттерді шешуге мүмкіндік берген.

Тарихи шегініс жасатын болсақ, қазақ халқында Құран балалар кезінен бастап мешіттер жанындағы медреседе оқытылып, қазақтар қасиетті кітаптың барлық нұсқаларын ұстануға тырысты. Исламның адамның бүкіл өмірін отбасынан бастап қоғамға дейін, туғаннан қайтыс болғанға дейін қамтитыны түсіндірілді. Бір де бір сала Исламның адамгершілік қағидаттарын қолданудан босатпайды деген ұғым үлкен басымдылыққа ие болды. Ол басты нәрсені адамгершілік жасайды және барлық өмірлік істер, өзіншіл ниеттері мен ұсақ мүдделерді басқарудың орнына мораль нормаларымен реттелуі тиіс екенін алдын ала анықтайды. Исламда көрсетілгендей Мұхаммед пайғамбардың өзінің ұлы миссиясының негізгі мақсатын "Мен имандылықты жетілдіру үшін жіберілдім" деген сөздермен анықтады (Әділбаев: 2018, 35-37).

Ерте орта ғасырлардан бастап қазақ даласына тараған мұсылмандық білімде қоғамда адамгершілік деп адамның мінез-құлқын анықтайтын қағидалар, құндылықтар, діни нормалар түсіндіріледі. Адамгершілік мәдениеттің екі негізгі аспектісі көрсетіліп, ол: мінез-құлықтың құндылықтары және ережелері болып табылады. Адамгершілік құндылықтар ретінде адалдық, үлкендерге құрмет, кішіге ізет, еңбексүйгіштік, патриотизм және осы секілді басқа да тәрбиелік құндылықтар аталады. Мінез-құлық ережелері адамгершілік құндылықтарға бағытталған. Кез келген

ұлттық мәдениетте қалыптасқаны сияқты қазақ қоғамында да Ислам діні бойынша жалпыға танылған адамгершілік нормалардың, ережелердің белгілі бір жүйесі бар. Үлкенге құрмет солардың басты бағыттарының бірі саналды.

Діни тұрғыдан алғанда Құрмет – Ислам құндылығының бірі ретінде қабылданады. Адамдар арасындағы өзара қарым-қатынастарда әрқашан сый-құрмет көрсету Ислам дәстүрімен байланысады. Құрмет көрсету және құрметке бөлену мүмкіннің өмірлік қағидасына айналуы қажет. Бұл Ислам заңдылықтарының бірі болып, ол қазақ дәстүрімен ерекше астасады (Оңғаров: 2014, 267). Көрініп тұрғандай, қазақ қоғамында Ислам дінінің қағидалары шарифат жолы әу бастан-ақ адамгершіліктің "алтын ережесі" сияқты қабылданған. Оның басты қағидаларының бірі – "Өзіңе қалай қарағың келсе, айналаңа да солай қара". Яғни, әуелі өзінді құрметте, содан соң өз айналаңдағы адамдарды құрметтеп, сыйластық көрсет. Осы тұста қазақтарда қалыптасқаны сияқты Ислам діні адам арасындағы қарым-қатынасты ең негізгі саналған екі қағидамен, олардың бірі бауырластық және екіншісі жеке тұлғаны құрметтеу негізінде құрады. Жеке тұлғаны әуелі адам ретінде, одан соң қоғамда белгілі бір орны болса, сол бойынша сыйла деп көрсетіледі.

Философтар мен әдептер арасында діни тұрғыдан адамға құрмет көрсету, рухани өресі биік мінез-құлық қандай да бір марапат үшін немесе қорыққандықтан емес, жалпы мейірімділікке шақыру басымдығынан туындаған. Ислам дінінің адамгершілік қасиеттерінің негізінде адамдарға өз әлеуетін жүзеге асыруға көмектесіп, жоғары адамгершілік жүйесін құрады. Ислам зорлық-зомбылық пен қанауға, бағынбаушылыққа қарсы ескертеді және сақтандырады. Ол өзінің идеалдарына берілген құдайшыл адамдарды қалыптастырады, моральдық жауапкершілік сезімін қамтиды және өзін-өзі бақылау қабілетін тәрбиелейді. Мұсылман дінінің айтуынша, кемел адамды тәрбиелеу бала кезінен емес, оның болашақ ата-анасынан басталады. Ата-ана діни тұрғыдан алғанда балаға Алладан кейінгі өмір жолын көрсететін жанашыр жандар. Анасы мен әкесі қалай өмір сүреді, бала өзінің өмірін сонымен байланыстырады. Ата-ана қандай тағамды жейді, қалай киінеді – мұның бәрі бала үшін өте маңызды. Бұған қарай отырып, қазақ қоғамында үлкенді құрметтеу үйде ата-анадан басталатыны анық екенін түсінуге болады (Оңғаров: 2014, 135-136)..

Қазақ этнографиясы мен педагогикасында өмір сүру ережелері мен тәсілдері – бұл адам өз өмірінде кездестіретін алғашқы заңдар. Үлкенге құрмет пен оған қатысты тәлім-тәрбие ең алдымен отбасында басталады. Барлық тәрбиенің заңдылықтары адаммен бірге отбасында туады және пайда болады. Көптеген мақал-мәтелдер, халық ертегілері, шын мәнісінде, тәрбиенің жазылмаған заңдарына, отбасының моральдық кодексіне айналды. Отбасы әдет-ғұрыптары, үй әдеттері мен дәстүрлері жүйесіне қосылған балалар өздері үшін, әрине, қарапайым тәрбиеленеді. Отбасылық дәстүрлердің тәрбиелік әсер ету күші балалар үлкендердің мінез-құлқы мен өзара қарым-қатынасының мысалдарын көріп қана қоймай, олармен түрлі қарым-қатынасқа түседі және белсенді қатысады. Атақты психолог дәрігер И.И. Брехман Үздік педагог – ата-ана деп атап өтеді; олар балалар үшін компас, маяк және барометр... Бұл бала үшін ата-аналардың, ересектердің мысалдары қаншалықты маңызды екенін көрсетеді. Ол осы Ережелердің ақылға қонымды және қажеттігіне көз жеткізгендіктен ғана емес, сонымен қатар ол үшін жоғары беделге ие болғандықтан, олардан мінез-құлық ережелерін қабылдайды (Брехман: 1990, 75)

Мұның барлығы әрине ғылыми тұрғыдан дәлелденген жағдайлардың бірі болып отыр. Адам баласының үлкенге құрметі жоғарыда аталғандай ата-анаға құрмет көрсетумен басталып ары қарай жалғасады. Ислам дінінің дәстүрінен қазаққа сіңген мынадай мақал бар: «Анаңды Меккеге үш рет арқалап апарсаң да оның қарызынан құтыла алмайсың». Бұл мұсылмандық мақал халық арасында қалған мақал тектен-тек айтылмаған. Мұндай мақалдар Ислам тәрбиесінен қазақтың салт-дәстүріне енген қанатты сөздердің бірі болып саналады. Қазақтарда ата-анасы тұрғанда ұлы немесе қызы сөйлемей, оған барлық уақытта шексіз құрмет көрсетілетін болған.

Қазақ халқы өзінің жанұя тәрбиесімен байланыстырылған тұстарын кеңестік кезеңде ұмытып немесе естен шығарып алды. Кеңестік саясат Ислам дінінің шарифат жолдарымен жүруге тыйым салдырып, атеистік тәрбиені насихаттады. Бұл жағдай өткен ғасырдың соңғы ширегіне дейін жалғасып, ол қоғамдық тәрбиенің дамуына өзінің кері әсерін тигізді. Кеңестік қоғамның экономикалық және саяси тұрақсыздығы жағдайында дінсіз руханиятты, мәдениетті, имандылықты сақтау қиын болғаны сөзсіз. Дегенмен тәуелсіздік жылдарынан бастап қазіргі кезге дейін, еліміздің саясатының негізінде ұлттық, мәдени, халықтың рухани жаңғыру орын алып, бұрынғы дәстүрлер қайта жаңғырып, соның ішінде ислами дәстүрлер де «кері қайтарылуда». Қоғамдық дамудың тәуелсіздік жылдарында Ислам діні белгілі бір өтемдік функцияға ие болды. Бұл жағдай қазақтардың және мұсылмандықты ұстанатын жергілікті өзге этностар мен этникалық топтардың рухани және мәдени өміріне өзіндік әсер етті.

Атақты педагог В.А. Сухомлинскийдің адам баласының отбасымен байланысты болған тәрбиеге берген бағасы қазіргі кезге дейін тәрбиелік құндылығын жоймаған (Сухомлинский: 1975, 54). Әрине, бұл ғылыми тұрғыдан зерттелген және нақтыланған ұғым. Балалар ата-аналарымен жастайынан жақын болады, ата-аналардың еңбегін ұнатады, оларға отбасылық еңбекте сеніммен қаралатынын мақтан тұтады. Бірақ бұл сабақтардың жүйелілігін есте сақтау қажет және көңіл-күйге байланысты істелген жағдай, өзінің тәрбиелік мәнін жоғалтады. Дегенмен, бала тәрбиесінде, оның ішінде қоғамда азаматтарға құрмет көрсету, үлкенді сыйлау ата-ана тәрбиесінде Ислам дінінің ролі күшті екенін де ұмытпаған жөн. Мысалы, қазіргі кезде әкелер өз балаларын мешітке апарды, жастайынан діни тәрбиеге де баулиды. Жеке тұлғаның физикалық және рухани дамуын интеграциялауда әкесі де, анасы да үлкен маңызға ие. Ерлердің тәрбиесі туралы түсініктің өзі, ең алдымен, қатаң тәртіп, айтқанды бұлжытпай орындау туралы ойға әкеледі, бірақ ер адамның талап етуі жақсы және онда педантизм, кішіпейілділік аз. Мұның басты дәлелі ретінде алсақ, Мұхаммед пайғамбар (с.ғ.с.) былай деді: «Әкесінен балаға жеткен ең үздік мұра – бұл жақсы тәрбие» (Фазлыев: 2005, 4-6 с).

Атап отырғанымыздай, үлкенге құрмет көрсету отбасы тәрбиесінен басталып, ол – Ислам дінінің қағидалары мен ұстанымдарын терең сіндіретін алғашқы тәлім-тәрбие мектебі. Ең бастысы, үйде, толық отбасылық шеңберде жеке тұлғаның физикалық және рухани дамуын біріктіру тәртібі, оларды жазалау алдында қорқыныштан емес, отбасының тұрақтылығына, оның дәстүрлеріне құрметтеуден, онда қабылданған және қабылданбайтын нәрселерге құрметтеуден бас тартуға болмайтын әдет-ғұрыптар нығаяды. Исламда әкесі басты тұлға ретінде отбасын материалдық қамтамасыз етуге және балаларды қауіптен қорғауға міндетті, ал анасы баланың тәрбиесіне басшылық етеді, әкесі тек оның көмекшісі ғана, бірақ бала көзімен алдында әкесі қорғау, тірек, отбасын сақтаушы болуы тиіс.

Исламда белгіленген нормалар бойынша отбасының негізгі мүшелері - анасы мен әкесі болып олар қоғамда адам баласын құрметтеуді үйретушілер ретінде сипатталады. Олар оларды осы әлемге келуге мәжбүр еткен беделді адамдар және олардың өз балаларына деген жазылмайтын махаббаты бар – Құдай өз жүрегінде отырғызған қасиетті сезім. Бұл сезімдерді сөзбен жеткізу қиын. Ата-аналар кез-келген ауруды жеңуге, кез-келген сынаққа төзуге дайын. Олар орнына ештеңе талап етпей, өз баласы үшін бәрін береді. Олар күтетін басты құндылық – оларға махаббат пен құрмет көрсету. Және бұл олардың табиғи, заңды құқығы. Ата-аналарға сүйіспеншілікпен және құрметпен қарауды біздің дініміз де, біздің адами борышымыз да талап етеді. Қасиетті Құранда және Мұхаммед (с.ғ.с.) пайғамбардың хадистерінде ата-ана құқықтарымен байланысты көптеген дана, көптеген ынталандыру нұсқаулары бар Мұхаммед (с.ғ.с.) пайғамбардың айтуынша Дін қағидаларынан нәр алған ең көрнекті дәстүріміздің бірі хәм бірегейі – үлкенді сыйлау, кішіге ізет көрсету. Бұл әдет қазақшылығымызға сіңісіп кеткені соншалық, тіпті үлкендерді сыйлау сөзді жасы үлкендерге бастату, егер жасы үлкен кісі үндемесе, жасы кішінің сөйлемей, жасы үлкендерді басшы ету, кішілерге мейірімділік таныту біздің халқымыздың негізгі ұстанымдарына айналған. Жасы үлкенге жол беріп, астың дәмдісін, сөздің сәндісін үлкеннен күту – қазақы қалпымыздың белгісі. Ардақты пайғамбарымыз бір сөзінде: «Үлкенге құрмет, кішіге ізет көрсетпеген бізден емес», деген болатын (Әділбаев: 2018, 125).

Жоғарыда айтылғандай, қазіргі кезде отбасы – адам қоғамының үлкен ортасы. Ал оның ең қымбат жемісі – отбасы мен қоғамның айнасы болып табылатын осы отбасыда тәрбиеленіп жатқан бала болып табылады. Қазіргі қазақ қоғамында отбасылардың басты міндеті – еңбекқор, еркін сүйгіш, шыдамды, уақыт ағымымен келе жатқан, өз халқының салт-дәстүрлерін, құрметтейтін және ұстанатын ұрпақты тәрбиелеу болып табылады. Әрине, ертеңгі қоғамды құрайтын позитивті адамдарды тәрбиелеу үшін жауапкершілік ең алдымен отбасында жатыр. Сондықтан баланы ерте жастан бастап дұрыс, жақсы істерге үйретіп қана қоймай, әлемді өз қателіктерімен тануға үйрету қажет. Оқыту баланың өзіне деген сенімін күшейтеді, өзін өзгертуді қалайды.

Адам – тұрақты, үздіксіз өзгерістер процесіндегі тіршілік иесі болғандықтан оқыту оның бүкіл өмірін қамтиды. Діни отбасылық тәрбиенің міндеттерінің бірі адамның санасын ояту, сондай-ақ адамда әрдайым болған қасиетті затын дамыту болып табылады. Баланың жеке басының іргетасы оның рухани саласында қаланады. Осыған байланысты қазіргі уақытта көптеген отбасыларда ата-аналар өзімен мешіттерге апарды. Ислам дінінің қағидалары мен дәстүрлерін үйретеді. Оның ішінде әрине ең үлкен және ең негізгі жағдай қоғамда үлкендерді құрметтеумен сипатталады (Эрдиль 2008, 61-62).

Соңғы онжылдықтар ішінде елімізде орын алған ерекше діни қайта өрлеу халықтың үлкен діни белсенділігін тудырды. Соңғы жылдардағы жаппай рухани өрлеу исламның отбасы тәрбиесіне тиімді әсер етуі үшін үлкен мүмкіндіктер ашты. Ислам дінін арнайы оқытатын оқу орындары ашылып, жұмыс істеп жатыр. Медреселер, Ислам университеттері мамандар даярлауда, Дінтану мамандығы бойынша бітіргендер Ислам дінінің еліміздегі орны мен рухани құндылығын насихаттауда. Мұның барлығы дінді терең түсіну, оған негізделген салт-дәстүрді ұмытпау, ұмыт болған дәстүрді қайта жаңғырту

болып табылады. Қазақстандағы исламдық ықпал қоғамымыздың біртұтастығын нығайтуға және имандылықты жандандыруға маңызды тірек бола алады. Мысалы қазіргі кезде қазақ қоғамында мешіт пен медресе көрген, ұстаздан тәлім алған балалардың қоғам мен адамға деген құрметі ерекше болып келеді.

Осы тұста, Қазақстанның тәуелсіздік қарсаңында және егемендіктің алғашқы жылдарында еліміздегі діни ахуал мен рухани өмір жайлы айта кеткен жөн. Тәуелсіздік жылдарынан бастап қазіргі кезге дейін Қазақстанда болып жатқан терең саяси-экономикалық өзгерістер қоғамның діни және моральдық негіздеріне әсер етті. Әлеуметтік-экономикалық қиындықтар халықтың моральдық жағдайына біраз әсер еткенімен, ертеңгі күнге деген сенім зор болды. Адамдардың сенімі зор болуына олардың өз дініне беріктігі мен руханиятының бай болуы ықпал еткенін айтқан орынды. Кеңестік дағдарыс жылдарында қалыптасқан қиындықтар мен асыра сілтеулер діни наным-сенімдердің жойылу қаупін тудырып қана қоймай, ол сонымен қатар қоғамда адамдарды діннен бездірді (Султанғалиева: 1988, 5-10). Тәуелсіздік жылдары мемлекет қабылдаған заңдар мен түрлі қаулы-қарарлар жаңа және жас қазақстандық қоғамды рухани бишаралықтан қорғап, болашақ ұрпақты адамгершіліктің құлдырауы мен деградациясынан сақтайтын жұмыстардың атқарылуына мұрындық болды.

Кез-келген әлеуметтік толқулар мен моральдық қайғылы оқиғалардан кейін қоғам өзінің пайда болу жолына қайта оралып, оларды түсініп, кең қолдана отырып, өмірдің жаңа кезеңіне енгендей болды. Бұл халық ата дін Исламмен қайта қауышқандай болды. Ислам дәстүрін кеңестік кезеңде қандай да болмасын қиындықтарға қарамастан бұзбай сақтаған Қазақстан мұсылмандары өзінің үзіліп қалған салт-дәстүрін қайта жаңғыртты (Мустафаева: 2012, 33-35). Әрине, діни дәстүрлердің, мұсылмандық этикет пен тәрбиенің қайта оралуы Қазақстан мұсылмандары үшін аса үлкен жаңалық болды. Исламның қағидаларына негізделген немесе Ислам заңдарымен астасқан қоғамдық тәрбие мен дәстүрлер жоғарыда аталғандай орта ғасырларда Исламмен бірге келіп, ол қазіргі кезге дейін өз құндылығын жоймай келеді.

Қазақ халқы өзінің ғасырлар бойы қалыптасқан салт-дәстүрлерін өз кезегінде Ислам дінінің тәрбиелік мәні өте терең болған дәстүрлерімен ұдайы байланыстырып, оның ішінде халықтық педагогика, ұлт тәрбиесіне баса назар аударып келген. Қазіргі уақытта Қазақстан мұсылмандарының дәстүрлі және халықтық педагогикасы төменде көрсетілген басымдықтарға баса назар аударады:

- Қоғамда әрбір адамның рухани дамуы мен әлеуметтік беделі үшін діни білімнің маңыздылығы;
- Қоғамда ата-аналарға және үлкендерге балаларды мектепке дейінгі кезден бастап үлкендерге құрмет сезімін бойына сіңіру және тәрбиелеу;
- Мемлекет пен қоғамның тарихымен, мәдениетімен танысу, оны құрметтеуге тәрбиелеу;
- Жастардың еңбекқорлығы және күнделікті өмірді ұйымдастыруға, халықтық рухани дәстүрді дамытуға белсене араласуы;
- Халықтар достығы мен ұлтаралық қатынастардағы сыйластық, қонақжайлылық пен кішіпейілділік;
- Қоғамдағы белсенділік өзара көмек;
- Бейбітшілік, ізгілік аралық және этникааралық қатынастарды нығайту негізі ретінде күнделікті дәстүрлері.

Мұсылман діні ислам дінін ұстанатын адамдардың қоғамдық және отбасылық өмірінің барлық аспектілерін реттейді, сондықтан Қазақстанда мұсылмандардың этнопедагогикасын исламдық құндылықтардан оқшауландыруға болмайды, оның білім беру бағыты күмән тудырмайды, керісінше қоғамда адамдардың бір-біріне құрметі мен ізетін арттырып, қоғамды барынша тәртіпке келтіреді.

Ислам дінінде адамдардың өмір сүруінің өркениетті және үйлесімді түріне үлкен мән беріледі. Бұл дегеніңіз адамдардың бір-бірімен байланыс, өзара қарым-қатынасы сияқты факторлардан тұрады. Қазақ қоғамы да ерте кезден бері көшпелі өмір сүрсе де ұйымшылдықпен ауыл-ауыл, ел-ел болып қоныстанып бірлесіп өмір сүрген. Бұл қазақ қоғамында адамдардың бір-біріне құрмет көрсетуден бөлек сыйластық, махаббат, жұмсақтық, шыдамдылық, арақатынас сияқты жақсы қасиеттермен сипатталады. Қазақ дәстүрінде үлкенге құрмет көрсетуде адам бойындағы басты қасиеттер осылар болып, жазылған заң секілді халық жадында сақталған.

Қазақ қоғамында үлкенге құрмет Ислам дінінің келесі бір қасиеттері бойынша бағамдалады (Сюкияйнен: 2014, 26-27). Ол туралы таратып айтсақ, Ислам дінінің шарифат заңдылықтары міндеті түрде адамдарға сәлемдесу, оларға қатысты сыпайылық, сондай-ақ қарапайымдылықты қарастырады. Мұсылман адам – бұл айналасындағы өзге адамдарға сөзі де, іс-әрекеті те зиян келтірмеуі тиіс адам. Ал, бұл қасиеттер қазақ қоғамындағы үлкенге құрмет көрсету дәстүрімен аса тығыз байланысып тұр. Себебі, қазақтар арасында да осындай қасиеттер ерте кезден қалыптасқан. Яғни, қоғамда ешкім бір-

бірінің ісіне араласпай, бұрын танымайтын болса да «Ассалаумағалейкүм» деп сәлем беріп, қалған сыйластықты одан ары қарай жалғастыра берген.

Ислам әрқашан ақылға қонымды, тепе-теңдікті, қалыс қалуды, шекаралардан өтпеуді және барлық ізгі ниетпен жақындауды ұсынады. Жеке адамға қол сұғу, жеке адамның бостандығы туралы заңды бұзу, адам құқықтарын құрметтемеу, оған көрсеткен зорлық-зомбылық ретінде жіктеледі, ал жақсы қатынастың ережелерін елемеу және оларды бұзу мейіздік және дөрекілік ретінде айқындалады (Сюкияйнен: 2014, 63-64). Адамдар арасындағы мұндай тыйымдар, ерсі қылықтар қазақ қоғамына Ислам дінінен келгеніне ешқандай күмән жоқ. Ислам өзінің діни тыйымдарын қазақ халқының санасына сіңіріп отырған. Қазақтар арасында үлкенді құрметтемеу мен адамның жеке басына қатысты мұндай ерсі қылықтар адамның моральдық жүйесін бұзатындықтан, оған қатысты қазақи дала заңында қатаң жазалар тағайындалған. Дала заңдары қазақтардың негізгі құқықтық нормалары саналған және ол қоғам арасында қатаң түрде жүзеге асырылып отырған. Ислам діні бойынша үлкенді құрметтеуге арналған кемшіліктерді түзету дұрыс деп саналады. Сонымен қатар, Ислам діні адам үшін адамгершілік, мейірімділік пен адамгершіліктен алшақ мінездегі қылықтар мен қасиеттерден арылу қажеттігін белгілеп, оның жолдарын көрсете алған. Қазақтар арасында мұндай қасиеттер Исламнан келгені ешбір дау тудырмайды. Өйткені, қазақ халқы ел болып, халық болып қалыптасқалы бері мұндай қасиеттер қазақтар арасында бар болып, ол қазіргі кезге дейін сақталған.

Қасиетті Ислам дінінің қазақтың ата дәстүріндегі орнының ерекшеліктерін бұлардан да тыс қасиеттерден көруге болады. Қазақтар арасында үлкенді құрметтеуге бағытталған адамгершілік қатынастардың келесі бір қасиеттері бір-бірімен шынайы махаббат пен құрмет сезімдерімен байланысты екі немесе көп адамдардың арасында пайда болған – достықты айтуға болады. Достық қатынастар адами байланыстардың және құрмет көрсетудің ең жоғары дамыған түрі. Достың адалдығы, досқа құрмет қазақтар арасында көп сыналған. Қазақ өз баласын досымен сынайтын болған. Достық құрмет пен сыйластық Исламда да терең қарастырылып, ол Аллаһтың атына негізделген достық құпталады, ал пайдаға негізделген достық айыпталады. Жаратушының Құранда келтіргеніндей адам баласын бір ғана ер мен әйелден жаратып, кейіннен түр-түсі, ұлты мен тегі, әдет-ғұрпы, тілі мен ділін бір бірінен ерекше етуі – Хақ тағаланың құдіреттілігінің белгісі. Сондықтан адамдар халықтардың әр түрлі болуына құрметпен қарап, ерекшеліктерден ғибрат алуы қажет. Құран аяттарындағы берілген әрбір сөздің өзіндік бай құндылығы болып, оны аудармашылар да растауда (Қыдырбаев, Молдахметов: 2016, 217-219).

Ислам діні адамзат баласына бір-біріне әрқашан сабырлық пен шыдамдылық танытуды ұсынады. Шыдамдылық, кішіпейілділік және игі ниеттер адамдар арасындағы махаббат пен сыйластықты күшейтуге, антипатия мен жек көрушілік сезімдерінің пайда болуына жол бермеуге ықпал етеді. Егер шыдамдылық пен төзімділік адам баласының ой-пікірі мен іс-әрекеттерінің басты элементі болса, онда ол жаратқан Алланың алдында адал және таза деген ұйғарымды білдіреді. Діни кітаптарда көрсетілгендей, Алла жақсылық жасай білетін адамдардың күнәларын кешіруге уәде етеді делінген. Осыған, яғни шыдамдылық пен сабырлыққа қатысты психология мен мінез құлық қазақтарда да өте жақсы қабылданған және дамыған. Қазақтар Ислам дінінің заңдылықтарында көрсетілгендей, адам баласына сыйластық пен құрмет көрсетуде сабырлық пен төзімділікті үлгі тұтқан. Олар Алланың сабырлы адамдарды жақсы көретініне сенген. Мұндай сенім қазіргі кезде де бар.

Қазақтар арасында сыйластық пен үлкенге құрмет көрсету және оған моральды түрде дайын болу – шынайы мұсылманның ең әдемі бейнесі мен ерекшеліктерінің бірі. Мұндай тәрбие қазақтар арасында қоғамның ең кішкентай ұяшығы саналатын отбасынан басталады. Отбасы мүшелерінің арасындағы өзара көмек пен ынтымақтастық қоғамның даму бағытын анықтайды. Бұл біздің халқымыздың ең керемет белгілері. Қасиетті Құранда көрсетілгендей, қоғамда адамдардың мейірімділік пен бір-біріне өзара көмекті аямау туралы қағидалар бар (Вагабов 2012, 23-26). Қазақтар арасында сақталған ағайынгершілік пен туыстар арасында бір-біріне көмек көрсету дәстүрі осы қағидалармен терең астасқан.

Сонымен қоса, қазақтар өз арасында құрмет пен адами сыйластықтың бірі ретінде қайырымды істерді де жасап тұрған. Біздің ата-бабаларымыз, қай жерде болмасын әртүрлі қайырымдылық қорлары мен мекемелер – вакуфтар түрінде көмек көрсету және ынтымақтастық институттарын құрып, дамытып отырды. Қазақ салт-дәстүрінде үлкендерді құрметтеудің Ислам дәстүрімен ықпалдастығының бір көрінісі осы мейірімділік пен қайырымдылық және қарапайымдылық болып табылады. Қайырымды кісілер өте қарапайым болып, олар қарапайымдылықты адам көркінің сұлулығы деп түсінеді. Ол расында да солай, болып, мұны Ислам дінінің заңдылықтары мен діни негіздері дәлелдейді. Қарапайымдылық істермен айналысу адамға құрмет пен сыйластықтың негізгі бағыты саналып, мұсылмандықтан берілген қазақтың ата дәстүрі саналады.

Осы тұста қазақтар арасында үлкендерге құрмет, адамдардың бір-біріне деген арақатынасы, олардың байланысы туралы айта отырып, оның бәрі мұсылмандықта айтылатын қарапайымдылықтың бір көрінісі екенін айтуға болады. Адам өмірінде қарапайымдылық дегеніміз жоғарыда айтылған барлық игі қасиеттерге бастама болатын адамгершілік фактор болып табылады. Өйткені, Исламда берілгендей, қарапайымдылық – адамның жан-дүниесінде әдемі әрі биік нәрсені нығайтады, өйткені ол ешнәрсе сияқты жақсылыққа шақырады және жаманнан бас тартады. Ата-ананы сыйлау, жалпы, қоғамда әйел адамды сыйлау Исламда қашан да маңызды болып саналған (Эрсан, 2009, 6-10).

Қазақ халқының салт-дәстүрінде үлкенге құрмет пен адамдарды сыйлаудың ескіден келе жатқан дәстүрлерінің бірі ол – қонақ күту. Қазақ халқы қонақ күтуді қадір тұтқан. Оны үлкен бір құрмет пен сыйластықтың белгісі деп білген. Қазақ этнографиясының басты ерекшелігі осы қонақ күту дәстүрі болып табылады. Әрине, қонақ күту дәстүрі өз алдына үлкен бір тақырыпты құрағандықтан, біз оның үлкен адамдарға, жалпы қоғамға құрмет көрсетуге қатысты тұстарына ғана тоқталып, мұның өзінің ерекшеліктерін көрсетіп отырмыз. Қазақтарда адамдар бір-біріне қонаққа барғанда, олар дос болып, жылы қарым-қатынаста болады. Бір-бірімізге түрлі себептермен баратынымыз жасырын емес: біз үйлену тойына жаңа келгендерді құттықтауға барамыз, достармен кездесеміз, сапардан кейін үйге қайтып келген адамды көруге барамыз және т.б. Қазақтарда қонақ күтудің өзіндік жолы мен мәдениеті қалыптасқан. Ол қазіргі кезге дейін сақталып, оның ислами мәдениетпен де өзіне тән арақатынасы бар. Қонақтардың ең қасиеттісі мен қадірлісі құдайы қонақ. Қазақтар өз салтында құдайы қонақты ерекше сыйлаған. Ал, бұл өз кезегінде қоғамда үлкенге құрмет пен сый көрсетудің өзіндік дәстүріне айналғаны рас (Жүсіпова: 2007, 6-11).

Жалпы, Ислам діні өз дәстүрі мен мәдениетін жайғанда ол ешқандай халық немесе ұлт таңдамайды. Себебі, ол хақ дін болғандықтан ешкімге күштеп оқытуға немесе осы дінге кіруге зорлық көрсетпейді. Адам өз еркімен еркін, бірақ, ол діни салт-дәстүрге өз жауапкершілігінен бос емес. Өз іс-әрекеттерін бақылау үшін адамға жауапкершілік қажет. Егер әркім қалауынша әрекет етсе, онда еш жерде тәртіп те, жан тыныштығы да болмас еді. Егер адам өз іс-әрекетіне жауапты болмаса, онда жақсының да, жамандықтың да, дұрыстың да, қатенің де ешқандай мағынасы жоқ болар еді. Ислам діні қазақ даласында осы секілді қоғамдық мәселелерге араласып отырған.

Адамдар арасында үлкенге құрмет, сыйлау, сыйластық және осы секілді жағдайларға әсер ететін басты адами қатынастардың бірі ол – Махаббат болып табылады. Махаббат екі адамның арасындағы шынайы құрметтің бар екенін және сүйіспеншіліктің үлкен екенін көрсетеді. Мысалы қазақ халқында баланың ата мен анаға махаббаты және туысқан мен бауырға деген махаббаты ерекше болған. Ислам ғалымдары әлемнің махаббатқа үңілгенін айтады, және біздің айналамыздағы нәрсенің бәрі махаббаттан орын алады. Шынында да, бүкіл себеп махаббат. Ол адамдардың қауымдарын бекітеді, ол адамдарға бір-бірін құрметтеуге жол бастайды. Адамдар арасындағы махаббаттан туатын құрметтеу көбінесе отбасы мүшелерінің арасында туындайды. Ол - отбасылық өмірдің негізгі тірегі саналады. Махаббат – адам жүрегін тазалайтын қуаныш. Ол – мейірімділіктің көзі. Егер бұл сезім болмаса, онда аналар мен әкелер өз балаларын жақсы көрмейді, ал олардың балалары оларға құрмет көрсетпес еді (Эрдиль 2008, 97).

Осы тұста Ислам дінінің қазақ халқының салт-дәстүрімен арақатынасы немесе оның қазіргі кездегі ықпалы қандай? деген сұрақтар туындайтыны заңдылық. Егер осы қоғамның мүшелері сыйласа, сүйсе және бір-біріне көмек қолын созса, қоғамда рухани бауырластық тек күштірек өсіп, дами беретініне ешқандай күмән жоқ. Қоғамның құрылуы күшті болады және бір-бірін байланыстырған, қорғайтын және қолдайтын адамдардың күш-жігерінің арқасында ғана аяқта тұратын болады. Біз өзара көмек пен ынтымақтастық адамдарды жақындастырудың және олардың арасында туыстық сезімнің пайда болуын қамтамасыз ететінін ұмытпауымыз керек. Бір-бірімен бауырлас, жақсы көретін, сыйлы адамдардың қоғамы күшті қоғам болып табылады және оның өмір сүруі ұзақ болады.

Ғасырлар бойына ата дініміздің ықпалымен енген салт-дәстүрлер қазіргі кезге дейін өзінің құндылығын жойған жоқ. Қазіргі уақытта да қазақтар арасында үлкенге құрметпен көрсету, сыйлау өзіндік дәстүр ретінде сақталған. Әрине, заман ағымына сай біраз өзгерістер болуы мүмкін, бірақ жалпы алғанда өз орнын жоғалтқан жоқ. Қазіргі Қазақстан қоғамында үлкендерге құрмет пен кішіге ізеттілік, жалпы адамдар арасындағы сыйластық өз деңгейінде сақталған деуге болады. Қазақ халқы өзіне тән қонақжайлық пен сыйластықты бұзбай жалғастырып келе жатыр. Қазіргі кезде Исламның адамдар арасындағы сыйластыққа ықпалы өте жоғары болып отыр. Бұған мешітке баратын және ислами заңдылықтар мен принциптерді аса жоғары ұстанатын адамдардың қоғамдағы ұстанымдары мысал бола алады.

Қазіргі кезде қазақ қоғамында үлкендерді құрметтеу мен жалпы адамгершілік қасиеттерді жаңа ұрпақтың санасына сіңдіруде және дамытуда исламдық білім қызмет етіп, ерекше жол салуда. Ал оған

тек жақсылық, сұлулық пен ақиқат арқылы жарық көрген ізгілікті жол арқылы ғана жетуге болады. Бұл жол қасиетті Құранда "Тарикуль-мустақым – Шынайы жол" деп аталады. Бұл жол – шындық жолы, Құдайдың жолы. Бұл жолда адамға сый мен құрмет көрсету жоғары болып, сыйламау, алдау мен арбау, адам өміріне, ар – ожданына, қадір-қасиетіне, мүлкіне зиян келтіру жоқ, бір сөзбен айтқанда, әділетсіздік пен зұлымдыққа және имансыздыққа орын жоқ. Бұл жол адамды сыйлау пен құрметтеуге, ынтымаққа, бауырластыққа, әділеттілікке, аяушылық пен мейірімділікке, махаббатқа, еңбекке, яғни барлық жақсылыққа ұмтылуға және оны зұлымдық көріністерінен қашуға шақырады. Бұл шындық пен әділдікті құрметтейтін жол (Эрдиль 2008, 87-88).

Қорытынды. Қорыта айтқанда, қазақ халқының үлкенді құрметтеу мен оған қатысты салт-дәстүрлерінің Ислам дінінің дәстүрімен арақатынасы өте тығыз байланысқан. Қазақ халқының этнографиялық тарихынан белгілі болғандай қоғамда адамға тән адамгершілік қасиеттердің түп тамыры мен өзегі Ислам дінімен байланысты болып, оның кейбір тұстарының Исламнан енгендігін тіпті қазіргі кездегі дәстүрлік ұстанымдар да дәлелдей түседі. Қазақ халқының мәдениеті мен салт-дәстүріне толықтай енген мұсылмандық дәстүрлер қоғамда үлкенді құрметтеудің де өзіндік этнографиялық жолының қалыптасуына ықпал етті. Исламнан енген мұндай қасиеттер қазақ салт-дәстүріндегі үлкендерді құрметтеудегі Ислам дәстүрімен арақатынасының айқын екенін көрсетеді.

Ерте кезден қазақ халқының этнографиясы мен халықтық педагогикасында қалыптасып әлі күнге дейін бірге келе жатқан исламдық діни дәстүрлер ешқашан да жойылмақ емес. Бұл халықтың санасымен бірге оның қанына сіңген тарихи салт-дәстүр. Ертеңге алаңдайтын нағыз прогрессивті қоғам, әр түрлі өзекті мәселелер мен қамқорлықты шешумен қатар, біраз жылдан кейін оның негізін әртүрлі салалар мен құрылымдарда қалыптастырған, басқару буындарын өз қолына алып, болашақ ұрпақтың тәрбиесі мен білім алуына елеулі қаражат пен ресурстарды іздеуі тиіс. Әйтпесе, егер балалар тиісті тәрбие мен білім алмаса немесе өз алдына жеке игілікті болашақ үшін деструктивті мақсаттар мен міндеттер қоятын адамдардың қолынан алса, жағдай қоғамның, мемлекеттің орнығуының біртіндеп және болмай қоймайтын бұзылуына немесе оның басқа өркениеттің идеологиялық тұрғыдан жұмыс істеуіне әкеп соқтырады.

Мақалаға сілтеме: Сейітов М., (2020). Қазақ Халқының Салт-дәстүрінде Үлкенді Құрметтеу Этикасына Ислам Дінінің ықпалы. Challenges of Science. Issue III, p.: 105-114. <https://doi.org/10.31643/2020.015>

Пайдаланған әдебиеттер тізімі

- Apendiyev, T. A., Smagulov, B. K., Kozybayeva, M. M. (2019). Study of some subethnic and genealogical groups of Kazakhs in pre-revolutionary Russian historiography (XVIII – early XX century). The Bulletin, 6(382), 346–354. <https://doi.org/10.32014/2019.2518-1467.180>
- Apendiyev T., (2020). Birinshii duniezhusilik sogys zhildarinda Ongtustik Kazakhstandagy Nemisterding saiasi-fleuettik akhualy [Political and social situation of Germans in South of Kazakhstan during the First World War]. Challenges of Science. Issue III, p.: 96-104. <https://doi.org/10.31643/2020.014>
- Akhmetova A., Toktaubay A., Kassymova G., Apendiyev T., (2020). Issledovaniye problemy formirovaniya dukhovno-nravstvennykh kachestv starsheklassnikov [Study of the problem of the formation of spiritual and moral qualities of high school students]. Challenges of Science. Issue III, p.: 76-82. <https://doi.org/10.31643/2020.011>
- Apendiyev T.A., & Abdukadyrov N.M. (2020). During the first world war germany and austria – hungary prisoners of the aulieata county. The Bulletin, 1(383), 218–225. <https://doi.org/10.32014/2020.2518-1467.27>
- Апендиев, Т. А., Асылбекова, Ж. М., Абдукадыров, Н. М., & Сатов, Е. Ж. (2016). Историческая картина переселения немцев в Казахстан (конец XIX – начало XX вв.). Вестник Российской Академии Наук, 86(12), 1154–1156. <https://doi.org/10.7868/s0869587316150019>
- Әділбаев А.Ш. (2018) Қазақ салт-дәстүр, әдет-ғұрыптарының ислам шариғатымен үйлесімі: Монография. – Астана: «Рухани құндылықтарды қолдау қоры» корпоративтік қоры, – 170 б.
- Брехман, И.И. (1990) Валеология – наука о здоровье [Текст] / И.И. Брехман. – М.: Изд-во «Физкультура и спорт», – 207 с.
- Вагабов М.В. (2012.) Коранические мудрости в модернизирующемся мире. // Исламоведение. Дагестанский государственный университет. –№1 (11). – С. 22-29
- Галиев Р.Р., Газизов Ф.Г., Маликов Р.Ш. (2012.) Исламская педагогика об интеграции физического и духовного развития личности // Молодой ученый.– №1. Т.2. – С. 71-74.
- Жүсіпова Б.Ж. (2007) Қазақ халқының салт-дәстүрлері. – Алматы: «Көшпенділер» - 160 б.
- Кемаледдин Эрдиль. (2008). Семейная Педагогика в Исламе. Перевод с турецкого. – Москва: ООО «Издательская группа «САД» – 1-е издание. – 152 с.

- Қыдырбаев Қ., Молдахметов Р. (2016) Құран мәтінінің қазақ тіліне аударылу және оны түсіндіру әдістері. ҚазҰУ хабаршысы. Шығыстану сериясы. №4 (79). – Б. 218-222
- Мустафаева А.А. (2012.) Исторический обзор эволюции ислама в советском Казахстане. // Вестник КазНУ. Серия Востоковедения. – №3 (60).– С. 31-35.
- Нұрмұратов С. (2012). Қазақтың ұлттық дәстүрлері және Исламның этикалық құндылықтары. // Әл-Фараби, №1(37) – Б. 6-12
- Оңғаров Е.А. (2014). Қазақ мәдениеті және ислам құндылықтары. – Алматы: Баспалар үйі. – 352 бет
- Осман Эрсан. (2009). Женщина в Исламе : ее права и достоинства / Осман Эрсан ; [пер. с турецкого Д. Кадыров]. – 3-е изд. - Москва : Сад, – 175 с
- Kudaibergenova A., Zhugenbayeva G., Apendiyev T., Chatybekova K., BissembayevaL., Aynagul K., Kymbat S. (2017). Influence of Migration Processes on Changing in the Ethnic Composition of the Population of Kazakhstan (End of the XIX - End of the XX Centuries), *Man In India*, 97 (2):47-64
- Apendiyev, T. A., Asylbekova, Z. M., Abdukadyrov, N. M., & Satov, E. Z. (2016). A historical picture of German resettlement to Kazakhstan (End of the 19th Century–Beginning of the 20th Century). *Herald of the Russian Academy of Sciences*, 86(6), 534–536. <https://doi.org/10.1134/s1019331616060174>
- Сухомлинский В.А. (1975). О воспитании, Изд. 2-е / В. А. Сухомлинский. – М.: Политиздат, – 272 с.
- Султангалиева А.К. (1988). Ислам в Казахстане: история, этничность и общество. Алматы: КИСИ при Президенте РК, 188 с.
- Сюкияйнен Л.Р. (2014). Ислам и права человека в диалоге культур и религий. — М.: ООО «Садра», – 212 с
- Фазлыев, Д. (2005). Ребенок мусульманина [Текст] / Д. Фазлыев. – Казань: изд-во Академия познания, – 64

References

- Apendiyev, T. A., Smagulov, B. K., Kozybayeva, M. M. (2019). Study of some subethnic and genealogical groups of Kazakhs in pre-revolutionary Russian historiography (XVIII – early XX century). *The Bulletin*, 6(382), 346–354. <https://doi.org/10.32014/2019.2518-1467.180>
- Ädilbaev A.Ş. (2018) Qazaq salt-dästüri, ädet-ğuriptıñ ğasırlyq İslam şariğatimen üylesimi: Monografiya. - Astana: «Rwxanı qundılıqtardı anıqtama» korporatıvtı aqparat qorı. - 170 b.
- Apendiyev T., (2020). Birinshii duniezhusilik sogys zhildarında Ongtustik Kazakhstandagy Nemisterding saiasi-fleuettik akhualy [Political and social situation of Germans in South of Kazakhstan during the First World War]. *Challenges of Science*. Issue III, p.: 96-104. <https://doi.org/10.31643/2020.014>
- Akhmetova A., Toktaubay A., Kassymova G., Apendiyev T., (2020). Issledovaniye problemy formirovaniya dukhovno-nravstvennykh kachestv starsheklassnikov [Study of the problem of the formation of spiritual and moral qualities of high school students]. *Challenges of Science*. Issue III, p.: 76-82. <https://doi.org/10.31643/2020.011>
- Apendiyev T.A., & Abdukadyrov N.M. (2020). During the first world war germany and austria – hungary prisoners of the aulieata county. *The Bulletin*, 1(383), 218–225. <https://doi.org/10.32014/2020.2518-1467.27>
- Apendiyev, T. A., Asylbekova, ZH. M., Abdukadyrov, N. M., & Satov, Ye. ZH. (2016). Istoricheskaya kartina pereseleniya nemtsev v Kazakhstan (konets XIX – nachalo KHKH vv.). *Vestnik Rossiyskoy Akademii Nauk*, 86(12), 1154–1156. <https://doi.org/10.7868/s0869587316150019>
- Brehman, I.I. (1990) Valeologiya – nauka o zdorove [Tekst] / I.I. Brehman. – М.: Изд-во «Физкультура и спорт»,. – 207 с.
- Vagabov M.V. (2012.) Koranicheskie mudrosti v moderniziruyuschemya mire. // *Islamovedenie*. Dagestanskiy gosudarstvenniy universitet. –№1 (11). – S. 22-29
- Galiev R.R., Gazizov F.G., Malikov R.SH. (2012.) Islamskaya pedagogika ob integratsii fizicheskogo i duhovnogo razvitiya lichnosti // *Molodoy ucheniy*.– №1. T.2. – S. 71-74.
- Jüsipova B.J. (2007) Qazaq xalqınıñ salt-dästüri qarız. - Алматы: «Köşpendiler» - 160 b.
- Kemaleddin Erdil. (2008). Semeynaya Pedagogika v Islame. Perevod s turetskogo. – Moskva: ООО «Izdatelskaya gruppa «SAD» – 1-е izdanie. – 152 s.
- Qıdırbaev Q., Moldaxmetov R. (2016) Qurılıs materialdarınıñ qaynarlarına және olardıñ sıpattamalarına nazar awdarıñız. QazUW xabarşısı. Şıǵıstanw seriyası. №4 (79). - B. 218-222
- Mwstafaeva A.A. (2012 j.) Qazaqstandaǵı keñestik islamnıñ évolycıyası. // *Vestnik KazNW*. Seriya Vostokovedeniya. - №3 (60). – S. 31-35.
- Nurmuratov S. (2012). Qazaqtıñ ulttıq dästüri және islamnıñ étikalıq qundılıqtarı. // *Äl-Farabı*, №1 (37) - B. 6-12
- Оңғаров Е.А. (2014). Qazaq mädeniети және İslam qundılıqtarı. - Алматы: Baspalar üyi. - 352 bet
- Osman Ersan. (2009). Jenschina v Islame : ee prava i dostoinstva / Osman Ersan ; [per. s turetskogo D. Kadyirov]. – 3-е изд. - Moskva : Sad, – 175 s
- Kudaibergenova A., Zhugenbayeva G., Apendiyev T., Chatybekova K., BissembayevaL., Aynagul K., Kymbat S. (2017). Influence of Migration Processes on Changing in the Ethnic Composition of the Population of Kazakhstan (End of the XIX - End of the XX Centuries), *Man In India*, 97 (2):47-64
- Apendiyev, T. A., Asylbekova, Z. M., Abdukadyrov, N. M., & Satov, E. Z. (2016). A historical picture of German resettlement to Kazakhstan (End of the 19th Century–Beginning of the 20th Century). *Herald of the Russian Academy of Sciences*, 86(6), 534–536. <https://doi.org/10.1134/s1019331616060174>
- Suhomlinskiy V.A. (1975). O vospitanii, Izd. 2-е / V. A. Suhomlinskiy. – М.: Politizdat, – 272 с.
- Sultangalieva A.K. (1988). Islam v Kazahstane: istoriya, etnichnost i obschestvo. – Almatyi: KISI pri Prezidente RK, – 188 s.
- Syukiyaynen L.R. (2014). Islam i prava cheloveka v dialoge kultur i religiy. — М.: ООО «Sadra», – 212 s
- Fazlyiev, D. (2005). Rebenok musulmanina [Tekst] / D. Fazlyiev. – Kazan: izd-vo Akademiya poznaniya, – 64